**"Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 183 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 26 сәуірдегі № 50 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 27 сәуірде № 32376 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәтібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫЗ:

1. "Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және білім беру жүйесіне тексеру парақтарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 1 желтоқсандағы № 166 және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2022 жылғы 2 желтоқсандағы № 116 бірлескен бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30920 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарында ( бұдан әрі – Өлшемшарттар):

2-тармақ жаңа редакцияда толықтырылсын:

"2. Осы өлшемшарттарында мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) балл – тәуекелді есептеудің сандық өлшемі;

2) бағалау кезеңі – есепті деректер, автоматтандырылған ақпараттық жүйелер мониторингінің нәтижелері негізінде субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекелдерді бағалау жүргізілетін белгілі бір уақыт кезеңі;

3) білім беру саласындағы бақылау объектілері – бақылау субъектісінде меншік құқығындағы немесе өзге де заңды негіздегі, мемлекеттік бақылауға жататын мүлік;

4) білім беру саласындағы бақылау субъектілері – қызметіне мемлекеттік бақылау жүзеге асырылатын заңды тұлғалар, оның ішінде заңды тұлғалардың филиалдары мен өкілдіктері;

5) білім беру ұйымдары – меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беруді мынадай түрлерде іске асыратын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ): ұлттық зерттеу университеттері, жоғары және ( немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ұлттық ұйымдары, зерттеу университеттері, университеттер, академиялар, институттар және оларға теңестірілген ( консерватория), әскери арнаулы оқу орындары (бұдан әрі – әскери, арнаулы ЖЖОКБҰ) ;

6) деректерді қалыпқа келтіру – әртүрлі шәкілдерде өлшенген мәндерді шартты түрде жалпы шәкілге келтіруді көздейтін статистикалық рәсім;

7) елеулі бұзушылықтар – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын игеру үшін жағдайлар жасау бөлігінде талаптардың бұзылуы;

8) елеусіз бұзушылықтар – жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру және ғылыми қызметін ұйымдастыру бөлігінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген талаптардың бұзылуы;

9) өрескел бұзушылықтар – жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы нормативтік құқықтық актілерде белгіленген, білім беру процесінің сапасының төмендеуіне әкеп соғатын немесе растайтын талаптардың бұзылуы, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келмеуі;

10) тәуекел – бақылау субъектісінің қызметі нәтижесінде жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделеріне, оның зардаптарының ауырлық дәрежесін ескере отырып, мемлекеттің мүліктік мүдделеріне зиян келтіру ықтималдығы;

11) тәуекелдерді бағалау және басқару жүйесі – бақылау субъектісіне (объектісіне) бару және (немесе) кәсіпкерлік еркіндігін шектеудің ең төменгі мүмкін дәрежесі мақсатында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкестігін тексеруді кейіннен профилактикалық бақылауды жүзеге асыру үшін тәуекел дәрежелері бойынша Бақылау субъектілерін (объектілерін) бөлу жолымен қолайсыз факторлардың туындау ықтималдығын төмендетуге бағытталған басқарушылық шешімдерді қабылдау процесі бұл тиісті қызмет салаларында тәуекелдің рұқсат етілген деңгейі, сондай–ақ нақты бақылау субъектісі ( объектісі) үшін тәуекел деңгейін өзгертуге және (немесе) Бақылау субъектісіне ( объектісіне) барып және (немесе) талаптарға сәйкестігін тексере отырып, осындай бақылау субъектісін (объектісін) профилактикалық бақылаудан босатуға бағытталған;

12) тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары – бақылау субъектісінің тікелей қызметіне, салалық даму ерекшеліктеріне және осы дамуға әсер ететін факторларға

байланысты, бақылау субъектілерін (объектілерін) тәуекелдің әртүрлі дәрежелеріне жатқызуға мүмкіндік беретін сандық және сапалық көрсеткіштердің жиынтығы;

13) тәуекел дәрежесін бағалаудың объективті өлшемшарттары (бұдан әрі – объективті өлшемшарттары) – белгілі бір қызмет саласындағы тәуекел дәрежесіне байланысты бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын және бақылаудың жекелеген субъектісіне (объектісіне) тікелей тәуелді болмайтын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

14) тәуекел дәрежесін бағалаудың субъективті өлшемшарттары (бұдан әрі – субъективті өлшемшарттары) – бақылаудың нақты субъектісі (объектісі) қызметінің нәтижелеріне қарай бақылау субъектілерін (объектілерін) іріктеу үшін пайдаланылатын тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттары;

15) тексеру парағы – бақылау субъектілерінің (объектілерінің) қызметіне қойылатын талаптарды қамтитын, олардың сақталмауы жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделеріне қатер төндіруге әкеп соғатын талаптардың тізбесі.";

14-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"14. Осы өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес бақылау және қадағалау субъектісін тәуекел дәрежесіне жатқызу үшін тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеудің мынадай тәртібі қолданылады.

Мемлекеттік орган осы өлшемшарттардың 7-тармағына сәйкес көздерден субъективті өлшемшарттар бойынша ақпарат жинайды және деректер базасын қалыптастырады.

Субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін (R) есептеу алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау (SP) субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша осы өлшемшарттардың ( SC) 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттарға сәйкес бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін қорытындылау жолымен, деректер мәндерін 0-ден 100 баллға дейінгі диапозонға қалыпқа келтіре отырып, автоматтандырылған режимде жүзеге асырылады.

Rарал = SP + SC, мұнда:

Rарал – субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші;

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SC – осы өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші.

Есеп мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың әрбір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) біртекті тобының әрбір бақылау және қадағалау субъектісі (объектісі) бойынша жүргізіледі. Бұл ретте мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың бір саласының бақылау және қадағалау субъектілерінің ( объектілерінің) біртекті тобына жатқызылатын, бағаланатын бақылау және қадағалау

субъектілерінің (объектілерінің) тізбесі деректерді кейіннен қалыпқа келтіру үшін іріктеу жиынтығын (іріктемені) құрайды.";

14-1, 14-2 және 14-3 тармақтармен мынадай редакцияда толықтырылсын:

"14-1. Алдыңғы тексерулер мен бақылау және қадағалау субъектілеріне ( объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау нәтижелері бойынша алынған деректер бойынша 0-ден 100-ге дейінгі баллмен бағаланатын бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші қалыптастырылады.

Осы өлшемшарттардың 7-тармағында көрсетілген ақпарат көздерінің кез келгені бойынша бір өрескел бұзушылық анықталған кезде бақылау және қадағалау субъектісіне 100 балл тәуекел дәрежесінің көрсеткіші теңестіріледі және оған қатысты талаптарға сәйкестігіне тексеру немесе бақылау және қадағалау субъектісіне ( объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізіледі.

Өрескел бұзушылықтар анықталмаған кезде бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші елеулі және болмашы дәрежедегі бұзушылықтар бойынша жиынтық көрсеткішпен есептеледі.

Елеулі бұзушылықтар көрсеткішін айқындау кезінде 0,7 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPз = (SP2 x 100/SP1) x 0,7, мұнда:

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – елеулі бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған елеулі бұзушылықтардың саны.

Болмашы бұзушылықтардың көрсеткішін айқындау кезінде 0,3 коэффициенті қолданылады.

Бұл көрсеткіш мына формула бойынша есептеледі:

SPн = (SP2 x 100/SP1) x 0,3, мұнда:

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші;

SP1 – болмашы бұзушылықтардың талап етілетін саны;

SP2 – анықталған болмашы бұзушылықтардың саны.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (SP) 0-ден 100-ге дейінгі шәкіл бойынша есептеледі және мына формула бойынша елеулі және болмашы бұзушылықтардың көрсеткіштерін қосу арқылы айқындалады:

SP = SPз + SPн, мұнда:

SP – бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші;

SPз – елеулі бұзушылықтардың көрсеткіші;

SPн – болмашы бұзушылықтардың көрсеткіші.

Бұзушылықтар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

14-2. Осы өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткішін есептеу 0-ден 100 балға дейінгі шәкіл бойынша жүргізіледі және мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$SC = \sum_{i=1}^{n} x_i * w_i, \text{мұнда:}$$

xi - субъективті өлшемшарт көрсеткіші;

wi - субъективті өлшем көрсеткішінің үлес салмағы xi;

n – көрсеткіштер саны.

Осы өлшемшарттардың 10-тармағына сәйкес айқындалған субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің алынған мәні субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесі көрсеткішінің есебіне енгізіледі.

14-3. R көрсеткіші бойынша субъектілер (объектілер) бойынша есептелген мәндер 0 -ден 100 балға дейінгі диапазонға қалыпқа келтіріледі. Деректерді қалыпқа келтіру әрбір іріктемелі жиынтық (іріктеме) бойынша мынадай формула әдісін пайдалана отырып жүзеге асырылады:

$$R = \frac{R_{пром} - R_{min}}{R_{max} - R_{min}}, \text{мұнда:}$$

R – бақылау және қадағалау жеке субъектісінің (объектісінің) субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің көрсеткіші (қорытынды);

Rmax – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең жоғарғы ықтимал мән (шәкілдің жоғарғы шекарасы);

Rmin – бір іріктемелі жиынтыққа (іріктемеге) кіретін субъектілер (объектілер) бойынша субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің шәкілі бойынша ең төменгі ықтимал мән (шәкілдің төменгі шекарасы);

Rарал – осы өлшемшарттардың 7-тармағына сәйкес есептелген субъективті өлшемшарттар бойынша тәуекел дәрежесінің аралық көрсеткіші.";

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 1 және 2-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын;

жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 4 және 5-қосымшалар осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жазылсын;

осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарына 7-қосымшамен толықтырылсын;

көрсетілген бұйрықпен бекітілген 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 6 және 7-қосымшаларға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуі;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бірлескен бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2024 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Өлшемшарттарға 5-қосымшада көрсетілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде білім беру жүйесінің субьективті өлшемшарттары бойынша тәуекел дәрежесін айқындау үшін субьективті өлшемшарттар тізбесін қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Ұлттық экономика министрінің м.а.* — *Т. Жаксылыков*

*Қазақстан Республикасының*
*Ғылым және жоғары білім министрі* — *С. Нурбек*

"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының
Құқықтық статистика және
арнайы есепке алу комитеті

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
м.а.
2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ 50 мен
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі

2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ 183 бірлескен бұйрығына
1-қосымша
Жоғары және жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру
бөлігінде білім беру жүйесінің
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
1–қосымша

## Бақылау субъектілеріне (объектілеріне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізу үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзушылық дәрежесі

| № | Өлшемшарт | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1. | Жарғының болуы және мазмұнының бекітілген талаптарға сай келуі:<br>1) іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізбесі;<br>2) білім беру ұйымына қабылдау тәртібі;<br>3) білім беру процесін ұйымдастыру тәртібі (оның ішінде оқыту тілі (тілдері), білім алушылардың сабақ режимі);<br>4) білім алушылардың білімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау жүйесі, оларды өткізу нысандары мен тәртібі;<br>5) білім алушыларды оқудан шығарудың негіздері мен тәртібі;<br>6) ақылы қызметтер көрсетудің тізбесі мен тәртібі;<br>7) Білім беру ұйымының білім алушылармен және (немесе) олардың ата-аналарымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын ресімдеу тәртібі.<br>Білім беру ұйымының даму стратегиясы мен даму жоспарын іске асыру, алқалы басқару | елеулі |
| | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының (бұдан әрі – ЖЖОКББҰ) академиялық адалдық қағидаттарын қамтамасыз ету және сақтау.<br>Білім алушылардың жазбаша бағаланатын жұмыстарына ( | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2. | курстық, дипломдық жұмыстар (жобалар), магистрлік диссертациялар (жобалар) және докторлық диссертациялар) және оқытушылар мен ғылыми қызметкерлердің мәтінді пайдалану және басқа тілден аударылған мәтінді пайдаланумен қоса мағынаны (парафраз) өзгертусіз сөйлемдерді және пікірлерді синонимдік ауыстырумен бөтен мәтінді пайдалану нысанына тексеруден өту талаптарын сақтау, растайтын құжаттардың болуы<br>Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының базасында бөтен мәтінді пайдалануды анықтау жүйесінде тексерілген докторлық диссертациялардың болуы | елеулі | |
| 3. | Бітіру жылы ішінде кадрларды даярлау бағыты бөлінісінде түлектердің кемінде 50% жұмысқа орналастыруды қамтамасыз ету және түлектерге құрылған жұмыс орындарының санына мониторинг жүргізу | елеулі | |
| 4. | Оқу нәтижелеріне, білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың даярлық деңгейіне және ЖЖОКББҰ және әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ-да оқу мерзіміне бағдарлана отырып, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мазмұнына қойылатын талаптарды сақтау | елеулі | |
| 5. | Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің бүкіл білім беру бағдарламасы деңгейінде, сондай-ақ жекелеген модульдер немесе оқу пәні деңгейінде оқыту нәтижелерін қалыптастыру жөніндегі талаптарды сақтау | елеулі | |
| | ЖЖОКББҰ-да еуропалық жоғары білім беру кеңістігінде (ESG-исиджи) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін халықаралық стандарттар мен нұсқаулықтарға негізделген | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесінің жұмыс істеуін қамтамасыз ету:<br>1. ЖЖОКББҰ-да жұртшылыққа қолжетімді және олардың стратегиялық менеджментінің бір бөлігі болып табылатын сапаны қамтамасыз ету жөніндегі саясаттың болуы. Ішкі мүдделі тараптар бұл саясатты сыртқы мүдделі тараптарды тарта отырып, тиісті құрылымдар мен процестер арқылы әзірлеуге және енгізуге тиіс.<br>2. ЖЖОКББҰ-да өз бағдарламаларын әзірлеу және бекіту рәсімдерінің болуы. Бағдарламалар күтілетін оқу нәтижелерін қоса алғанда, белгіленген мақсаттарға сәйкес әзірленуі тиіс. Бағдарламаны игеру нәтижесінде алынған біліктілік нақты анықталып, нақтылануы керек және жоғары білім берудегі ұлттық біліктілік құрылымының белгілі бір деңгейіне, демек, еуропалық жоғары білім беру кеңістігіндегі біліктілік құрылымына сәйкес келуі керек.<br>3. ЖЖОКББҰ-да білім алушыларды оқу процесін бірлесіп құруда белсенді рөл атқаруға ынталандыратын тиісті білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін жағдайлардың болуы , ал білім алушылардың үлгерімін бағалау осы тәсілді көрсетуі тиіс.<br>4. ЖЖОКБҰ-да студенттік "өмірлік циклдің" барлық кезеңдерін қамтитын алдын ала белгіленген және жарияланған ережелерді біркелкі қолданудың болуы, яғни қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.<br>5. ЖЖОКББҰ-да өз оқытушыларының құзыреттілігін бағалаудың болуы. Олар өз қызметкерлерін жалдау және кәсіби өсуді дамыту кезінде әділ және ашық процестерді қолдануы керек.<br>6. ЖЖОКББҰ-да оқытуды және оқытушылық қызметті жеткілікті | елеулі | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | қаржыландырудың, барабар және оңай қол жетімді оқу ресурстарын ұсынуды қамтамасыз етудің және білім алушыларды қолдау тәсілдерінің болуы.<br>7. ЖЖОКББҰ-да олардың білім беру бағдарламаларын және өз қызметінің басқа да бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинайтынына, талдайтынына және пайдаланатынына кепілдік берудің болуы.<br>8. ЖЖОКББҰ-да өз қызметі ( бағдарламаларды қоса алғанда) туралы ақпаратты жариялаудың болуы, ол анық, дәл, объективті, өзекті және оңай қол жетімді болуы тиіс.<br>9. ЖЖОКББҰ-да қойылған мақсаттарға қол жеткізуді және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін бағдарламаларға мониторинг және мерзімді шолу жүргізудің болуы. Бұл шолудың нәтижелері бағдарламалардың үнемі жақсаруына әкелуі керек. Кез келген жоспарланған қызмет немесе алынған нәтижелер барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс.<br>10. ЖЖОКББҰ-да мерзімді негізде ESG сәйкес сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдерінен өтудің болуы. Білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің (мектептің) өзге де академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын, білім беру бағдарламалары және ( немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңестің/ комитеттің қызметін ұйымдастыру | | |
| | Білім алушылардың кәсіптік (оқу, педагогикалық, зерттеу, өндірістік | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 7. | және диплом алдындағы) практикасын ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптарды және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидаларын сақтау | елеулі | |
| 8. | ЖЖОКББҰ бекіткен кадр саясатын, қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын және ЖЖОКББҰ қызметкерлерінің лауазымдарына конкурстық тағайындау қағидаларын сақтау. Басшы кадрлардың, педагогтердің және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету | өрескел | |
| 9. | ЖЖОКБҰ-ның бекітілген ұйымдық құрылымының, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелердің, штат кестесінің, академиялық күнтізбенің, оқу жүктемесінің нормаларының, қызметкерлерге еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерлерінің болуы | өрескел | |
| 10. | ЖЖОКБҰ-ның академиялық саясатын сақтау және іске асыру | өрескел | |
| 11. | ЖЖОКБҰ бекіткен білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару тәртібін сақтау. Түлектерге білім туралы құжаттарды беру нормаларын және Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу мерзімдерін сақтау және оны ЖЖОКББҰ сайтында орналастыру.<br>Білім туралы берілген құжаттар бойынша электрондық жүйенің және білім туралы, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасының ( мұрағатының) жұмыс істеуін қамтамасыз ету.<br>Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесінде ЖЖОКББҰ білім алушыларына ақы төлеу мөлшері туралы ақпарат пен ақы төлеу | өрескел | |

| | | |
|---|---|---|
| | туралы мәліметтердің толтырылуын және болуын қамтамасыз ету | |
| 12. | Кредиттік оқыту технологиясының талаптарын сақтау. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді сақтау, игерілген кредиттерді есепке алу, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, ЖЖОКББҰ–да білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізу; әскери арнаулы ЖЖОКБҰ-да - білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімшелерінің қызметі.<br>ЖЖОКБҰ–да оқу–әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша талаптарды сақтау | өрескел |
| | Қашықтықтан оқыту және онлайн-оқытуды ұсыну бойынша талаптарды сақтау:<br>1) қашықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыру үшін ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымның болуы: тұрақты желілік қосылыс, серверлік жабдық, деректерді сақтау жүйесі және киберқауіпсіздік жүйелері, Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналары, білім алушылар жеке басын идентификациялау үшін аутентификация жүйелері, онлайн прокторингі және көшірулерді анықтау жүйесінің жұмыс жасауы;<br>2) веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, кредиттік оқыту технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, оның ішінде оқытуды басқару платформасының жұмыс істеуі;<br>3) ISO/IEC 27001, ISO/IEC 27002 халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген білім беру | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 13. | ұйымының қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;<br>4) оқу үрдісін цифрлық білім беру ресурстарымен, онлайн-курстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету (курстың құрылымдалған дизайны, оқытудың қалыптастырылатын нәтижелерінің картасы, бағалау жүйесінің ерекшелігі, бағалау көрсеткіштері мен өлшемшарттарының сипаттамасы);<br>5) білім алушылардың оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды орналастыра отырып, білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ тестілеу жүйесі мен ашық электрондық ресурстарға, көздерге қол жеткізуін қамтамасыз ету;<br>6) білім беру қызметтерін ұсыну бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабақтары мен білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің электрондық кестесі, электрондық кітапхана, электрондық құжат айналымы, жатақханадан орын алуға онлайн-тіркелу;<br>7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды оқыту үшін қашықтан оқыту жағдайларын қамтамасыз ету;<br>8) сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын бақылау жүйесінің болуы.<br>9) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету | өрескел | |
| | ЖЖОКББҰ–да білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14. | (веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын, кең жолақты әрі жоғары жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желіні қамтитын және Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен интеграцияланған жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасы) жұмыс істеуін қамтамасыз ету.<br>Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарының толықтығы, дұрыстығы және уақтылы толтырылуы.<br>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті жылғы қаржы–шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерін көрсете отырып, ЖЖОКББҰ сайтында жыл сайын ақпарат орналастыруды қамтамасыз ету. | өрескел | |
| 15. | ЖЖОКББҰ-да оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттері, сондай-ақ білім беру бағдарламаларына сәйкес электрондық басылымдары бар кітапхана қорын қоса алғанда, ақпараттық ресурстардың болуы | өрескел | |
| 16. | Тиісті ғылыми және (немесе) академиялық дәрежесі/атағы бар оқытушылардың және (немесе) оқытушы лауазымында кемінде үш жыл өтілі бар немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар аға оқытушылардың дәріс оқуына талаптарды сақтау.<br>Әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ және Сот төрелігі академиясында дәріс сабақтарын өткізуге, білім алушылардың дипломдық жұмыстарына (жобаларына), ғылыми–зерттеу жұмыстарына | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | басшылық жасауға педагогикалық лауазымдардың біліктілік сипаттамаларында айқындалған мамандар және оларға теңестірілген адамдар жіберіледі | | |
| 17. | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау. Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық–рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес, оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS ( иситиэс) ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалау жүйесінің болуы (ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) | өрескел | |
| 18. | Мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде білім алушылардың білімін бағалау жолымен ЖЖОКББҰ-да оқыту нәтижелерін бағалау жөніндегі талаптарды сақтау | өрескел | |
| 19. | Білім алушылардың дипломдық жұмыстарын (жобаларын), магистрлік диссертацияларын ( жобаларын) және докторлық диссертацияларын қорғауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау | өрескел | |
| 20. | ЖЖОКББҰ–да олардың қызмет түрлеріне сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарды сақтау: ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, оның ішінде инновациялық бағыттар бойынша жұмыстарды жүргізу; білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; оқытудың инновациялық технологияларын және ғылыми зерттеулерді жүргізу және нәтижелерін оқу процесі мен өндіріске енгізу; әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ-ны қоспағанда, зерттеу жұмыстарының инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру; ғылыми | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | әзірлемелерді коммерцияландыру тетігін құру және енгізу; зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншігі мен авторлық құқығын қорғау. Растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз ету | | |
| 21. | Республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық–құқықтық нысанындағы ЖЖОКББҰ-ды қоспағанда, ЖЖОКББҰ–да гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру негізінде іргелі зерттеулер/қолданбалы зерттеулер жөніндегі ғылыми және ғылыми–техникалық бағдарламаларды/жобаларды іске асыру | өрескел | |
| 22. | ЖЖОКББҰ-ның шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен ынтымақтастығын іске асыру, ынтымақтастық туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасасу, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысу, шетел азаматтары қатарынан кадрлар даярлау, Ғылым және жоғары білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға ( қауымдастықтарға) кіру талаптарын жүзеге асыруы.<br>Серіктес жоғары оқу орны мәртебесінің нормаларын көздейтін кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен, ғылыми және (немесе) ғылыми–білім беру және (немесе) ғылыми–өндірістік орталықтармен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі талаптарды сақтау және шетелдік консультанттарды тарту | өрескел | |
| | Материалдық активтермен ( аудиториялық және зертханалық базамен, оқу кабинеттерімен, өндірістік шеберханалармен, полигондармен, спорт залдарымен | | |

| | | |
|---|---|---|
| 23. | ), ғимараттармен (оқу корпустарымен) қамтамасыз ету: денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тиісті санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес, білім беру ұйымының үй-жайларында және ( немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы | өрескел |
| 24. | ЖЖОКББҰ-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін арнайы жағдайлардың жасалуы және сақталуы | өрескел |

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
м.а.
2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ 50 мен
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ 183 бірлескен бұйрығына
2-қосымша

Жоғары және жоғары оқу
орнынан кейінгі білім беру
бөлігінде білім беру жүйесінің
тәуекел дәрежесін бағалау
өлшемшарттарына
2-қосымша

## Біліктілік талаптарына сәйкестігіне тексеру жүргізу үшін жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде Қазақстан Республикасы заңнамасының сақталуына қойылатын талаптардың бұзушылық дәрежесі

| № п/п | Өлшемшарт | Бұзушылық дәрежесі |
|---|---|---|
| 1. | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі – ЖЖОКББҰ), әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ–ды қоспағанда, тиісті даярлау бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми–білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы | елеулі |
| 2 | Әскери арнаулы ЖЖОКБҰ-ны қоспағанда, ақылы негізде бір білім алушыға білім беру ұйымдарының ең төменгі шығындарының тиісті оқу | елеулі |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы құнының кемінде 30 % кем болмауын қамтамасыз ету | | |
| 3 | Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының болуы және олардың мазмұнының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кадрларын даярлау бағытын және ЖЖОКББҰ ведомстволық тиесілігін ескере отырып, заңнаманың белгіленген талаптарына сәйкестігі | елеулі | |
| 4 | Қолданыстағы (қайта ресімделген) лицензияның және кадрларды даярлаудың іске асырылатын бағыттары бойынша лицензияға қосымшалардың болуы;<br>оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" бакалавриат кадрларын даярлау бағыты бойынша - кадрлар даярлаудың кемінде 7 бағыты бойынша лицензияға қосымшалардың болуы немесе ЖЖОКББҰ-ның бітіруші түлектердің бітірген жылы Ғылым және жоғары білім беру саласындағы мемлекеттік орган белгілегеннен төмен емес шекті мәндегі нәтижелермен біліктілік тестінен өтуін қамтамасыз етуі;<br>оның ішінде "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыты бойынша - медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін алдыңғы деңгейлерде (интернатурасы бар бакалавриат, магистратура, резидентура) кадрларды даярлау бағыты бойынша лицензияның және лицензияға қосымшаның болуы | өрескел | |
| | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағытын | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 5 | ескере отырып, оқытушылардың сандық құрамына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету: барлық пәндердің оқытушылармен қамтамасыз етілуі; оқытушылардың білімінің, ғылыми/академиялық дәреженің және/немесе ғылыми атағының оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі; негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын оқытушылардың үлесінің сақталуы; қоса атқаратын оқытушылардың үлесінің сақталуы; оқытылатын пәндер бейіні бойынша талап етілетін практикалық жұмыс тәжірибесі ( ғылыми–педагогикалық, клиникалық), ғылыми еңбектердің талап етілетін саны бар оқытушылармен қамтамасыз етілуі; оның ішінде "Дденсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша - даярлық бейіні бойынша талап етілетін біліктілік дәрігерлік санаты бар мамандармен қамтамасыз етілуі | өрескел | |
| 6 | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағытын ескере отырып, оқытушылардың сапалы құрамына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету: кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылым кандидаты/ғылым докторы және( немесе) философия докторы (PhD) /бейіні бойынша доктор ғылыми/ академиялық дәрежесі және/ немесе ғылыми атағы және/немесе әскери (арнаулы) атағы бар немесе әділет кеңесшісінен төмен емес сыныптық шенде немесе судья не отставкадағы судья және/немесе Қазақстан Республикасының спорттық атақтары/құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың үлесінің сақталуы.<br>"Педагогикалық ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша ЖЖОКББҰ негізгі жұмыс орны болып табылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және орта білім беру ұйымдарының базасында ғылыми зерттеулер жүргізетін оқытушылардың талап етілетін үлесін қамтамасыз ету | | |
| 7 | ЖЖОКББҰ-ның ведомстволық тиесілігін ескере отырып, кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларының, оның ішінде оқыту тілдері бойынша жарияланған пәндерінің 100% қамтамасыз ететін соңғы он жыл ішінде шыққан баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы;<br>оның ішінде "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКББҰ үшін - дәлелді медицина бойынша халықаралық дерекқорларға институционалдық жазылымның болуы;<br>оның ішінде "Өнер" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКББҰ үшін - мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларына сәйкес басылым мерзімі шектелмеген ноталық әдебиеттің болуы.<br>Әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ үшін – бейіндік компонент пәндерін қоспағанда, білім беру бағдарламасының 100% пәндерін қамтамасыз ететін соңғы 10 жылда баспа және электрондық басылымдар форматында шыққан оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы | өрескел | |
| | Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 8 | материалдық активтердің, ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы: меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе кемінде 5% мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік ұйымдарға қарасты білім беру ұйымдары үшін сенімгерлік басқару құқығында тиесілі болуы, алаңы санитариялық қағидаларға, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларының бар болуы; медициналық қызметке лицензиясы бар жабдықталған медициналық пункттер, ЖЖОКББҰ оқу корпустарында білім алушылардың тамақтану пункттерінің болуы; ЖЖОКББҰ-ның үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы; ЖЖОКББҰ-ның орналасқан жері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға жіберілген эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметінің (пайдалануының) басталуы және тоқтатылуы туралы хабарламаның болуы; Басқа қаладан келген мұқтаж білім алушылардың жалпы санынан кемінде 70 % тұру үшін (жатақханалармен/ хостелдермен/ қонақ үйлермен қамтамасыз етілуі;<br>оның ішінде "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыты бойынша - аккредиттелген клиникалық базалармен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ интеграцияланған академиялық медициналық орталық құрамында болуы;<br>оның ішінде "Сәулет және құрылыс" кадрларын даярлау бағыты бойынша - шығыс материалдары бар 3D принтерлермен жабдықталған мамандандырылған аудиториялар мен зертханалардың болуы; | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | оның ішінде "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс" кадрларды даярлау бағыты бойынша - дайындық бейініне сәйкес келетін полигонның және атыс тирінің ( виртуалды тир) болуы; "Құқық" кадрларды даярлау бағыты бойынша - криминалистикалық полигонның және сот отырыстары залының болуы | | |
| 9 | ЖЖОКББҰның оқу ғимараттарында ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін жағдай жасауы (кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтергіш құрылғылармен қайталау, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу, мүгедектер үшін автокөлік құралдарын тұраққа қою үшін орындар бөлу) | өрескел | |
| 10 | Сымсыз технологияларды, компьютерлік кабинеттермен, компьютерлермен, оқу-зертханалық және материалдық-техникалық базамен, кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жабдықтармен жарақтандыруды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қолжетімділігін қамтамасыз ету.<br>Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базалары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және ЖЖОКББҰ ведомстволық тиесілігін ескере отырып, Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесінің мәліметтеріне нақты деректердің сәйкестігі.<br>edu.kz. аймағында үшінші деңгейлі домендік атаудың болуы. | өрескел | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 6. | қолданудың болуы, яғни қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.<br>5. ЖЖОКББҰ-да өз оқытушыларының құзыреттілігін бағалаудың болуы. Олар өз қызметкерлерін жалдау және кәсіби өсуді дамыту кезінде әділ және ашық процестерді қолдануы керек.<br>6. ЖЖОКББҰ-да оқытуды және оқытушылық қызметті жеткілікті қаржыландырудың, барабар және оңай қол жетімді оқу ресурстарын ұсынуды қамтамасыз етудің және білім алушыларды қолдау тәсілдерінің болуы.<br>7. ЖЖОКББҰ-да олардың білім беру бағдарламаларын және өз қызметінің басқа да бағыттарын тиімді басқару үшін тиісті ақпаратты жинайтынына, талдайтынына және пайдаланатынына кепілдік берудің болуы.<br>8. ЖЖОКББҰ-да өз қызметі (бағдарламаларды қоса алғанда) туралы ақпаратты жариялаудың болуы, ол анық, дәл, объективті, өзекті және оңай қол жетімді болуы тиіс.<br>9. ЖЖОКББҰ-да қойылған мақсаттарға қол жеткізуді және білім алушылар мен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкестікті қамтамасыз ету үшін бағдарламаларға мониторинг және мерзімді шолу жүргізудің болуы. Бұл шолудың нәтижелері бағдарламалардың үнемі | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жақсаруына әкелуі керек. Кез келген жоспарланған қызмет немесе алынған нәтижелер барлық мүдделі тараптардың назарына жеткізілуі тиіс. 10. ЖЖОКББҰ-да мерзімді негізде ESG сәйкес сапаны қамтамасыз етудің сыртқы рәсімдерінен өтудің болуы. Білім беру бағдарламаларының мазмұны және оларды іске асыру жағдайы бойынша, бағалау саясаты және факультеттің (мектептің) өзге де академиялық мәселелер бойынша шешімдер қабылдайтын, білім беру бағдарламалары және (немесе) пәндер/модульдер сапасының сәйкес келуіне, академиялық адалдықты бұзу фактілерінің болуына білім алушылар арасында сауалнама ұйымдастыратын академиялық сапа жөніндегі кеңестің/комитеттің қызметін ұйымдастыру | | | |
| 7. | Білім алушылардың кәсіптік (оқу, педагогикалық, зерттеу, өндірістік және диплом алдындағы) практикасын ұйымдастыруға және өткізуге қойылатын талаптарды және ұйымдарды практика базасы ретінде айқындау қағидаларын сақтау | | | |
| | ЖЖОКББҰ бекіткен кадр саясатын, қызметкерлер лауазымдарының біліктілік сипаттамаларын және ЖЖОКББҰ қызметкерлерінің лауазымдарына | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8. | конкурстық тағайындау қағидаларын сақтау. Басшы кадрлардың, педагогтердің және ғылыми қызметкерлерінің біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету | | | |
| 9. | ЖЖОКБҰ-ның бекітілген ұйымдық құрылымының, құрылымдық бөлімшелер туралы ережелердің, штат кестесінің, академиялық күнтізбенің, оқу жүктемесінің нормаларының, қызметкерлерге еңбекақы төлеу нысандары мен мөлшерлерінің болуы | | | |
| 10. | ЖЖОКБҰ-ның академиялық саясатын сақтау және іске асыру | | | |
| 11. | ЖЖОКБҰ бекіткен білім алушыларды қабылдау, ауыстыру, қайта қабылдау және оқудан шығару тәртібін сақтау. Түлектерге білім туралы құжаттарды беру нормаларын және Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесіне деректерді енгізу мерзімдерін сақтау және оны ЖЖОКББҰ сайтында орналастыру. Білім туралы берілген құжаттар бойынша электрондық жүйенің және білім туралы, оның ішінде бұрын берілген құжаттардың электрондық базасының ( мұрағатының) жұмыс істеуін қамтамасыз ету. Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның бірыңғай ақпараттық білім беру жүйесінде ЖЖОКББҰ білім алушыларына ақы төлеу | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | мөлшері туралы ақпарат пен ақы төлеу туралы мәліметтердің толтырылуын және болуын қамтамасыз ету | | |
| 12. | Кредиттік оқыту технологиясының талаптарын сақтау. Білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеуді сақтау , игерілген кредиттерді есепке алу, аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру, ЖЖОКББҰ–да білім алушылардың оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын жүргізу; әскери арнаулы ЖЖОКБҰ-да - білім беру сапасын мониторингілеу және бақылау (бағалау) бөлімшелерінің қызметі. ЖЖОКБҰ–да оқу–әдістемелік, ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру бойынша талаптарды сақтау | | |
| | Қашықтықтан оқыту және онлайн-оқытуды ұсыну бойынша талаптарды сақтау:<br>1) қашықтан оқытуды үздіксіз ұйымдастыру үшін ақпараттық-технологиялық инфрақұрылымның болуы: тұрақты желілік қосылыс, серверлік жабдық, деректерді сақтау жүйесі және киберқауіпсіздік жүйелері, Интернет желісіне қосылуды қамтамасыз ететін коммуникациялық байланыс арналары, білім алушылар жеке басын идентификациялау үшін аутентификация жүйелері , онлайн прокторингі | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13. | және көшірулерді анықтау жүйесінің жұмыс жасауы;<br>2) веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, кредиттік оқыту технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын қамтитын білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің, оның ішінде оқытуды басқару платформасының жұмыс істеуі;<br>3) ISO/IEC 27001, ISO/IEC 27002 халықаралық стандарттарына сәйкес әзірленген білім беру ұйымының қауіпсіздік саясаты негізінде жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету;<br>4) оқу үрдісін цифрлық білім беру ресурстарымен, онлайн-курстардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету (курстың құрылымдалған дизайны, оқытудың қалыптастырылатын нәтижелерінің картасы, бағалау жүйесінің ерекшелігі, бағалау көрсеткіштері мен өлшемшарттарының сипаттамасы);<br>5) білім алушылардың оқу, анықтамалық және әдістемелік материалдарды орналастыра отырып, білім беру порталы мен ақпараттық жүйелерге, сондай-ақ тестілеу жүйесі мен ашық электрондық | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | ресурстарға, көздерге қол жеткізуін қамтамасыз ету ;<br>6) білім беру қызметтерін ұсыну бойынша цифрлық сервистердің болуын қамтамасыз ету: оқу сабақтары мен білім алушылардың оқу жетістіктерін бақылаудың барлық түрлерінің электрондық кестесі, электрондық кітапхана, электрондық құжат айналымы, жатақханадан орын алуға онлайн-тіркелу;<br>7) ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін қашықтан оқыту жағдайларын қамтамасыз ету;<br>8) сапаны ішкі қамтамасыз ету жүйесіне сәйкес білім беру қызметтерінің сапасын бақылау жүйесінің болуы .<br>9) жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары бойынша онлайн-оқыту нысанында оқу процесін ұйымдастыруға қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету | | | |
| | ЖЖОКББҰ–да білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің ( веб-сайтты, ақпараттық-білім беру порталын, оқытудың кредиттік технологиясын қамтамасыз етудің автоматтандырылған жүйесін, ақпараттық-білім беру ресурстарының жиынтығын, кең жолақты әрі жоғары | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14. | жылдамдықты интернетке қосылған тармақталған компьютерлік желіні қамтитын және Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық білім беру жүйесімен интеграцияланған жоғары технологиялық ақпараттық-білім беру ортасы) жұмыс істеуін қамтамасыз ету.<br>Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті орган бекіткен әкімшілік деректер нысандарының толықтығы, дұрыстығы және уақтылы толтырылуы.<br>Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есепті жылғы қаржы–шаруашылық қызметтің негізгі көрсеткіштерін көрсете отырып, ЖЖОКББҰ сайтында жыл сайын ақпарат орналастыруды қамтамасыз ету. | | |
| 15. | ЖЖОКББҰ-да оқу, оқу-әдістемелік, ғылыми әдебиеттері, сондай-ақ білім беру бағдарламаларына сәйкес электрондық басылымдары бар кітапхана қорын қоса алғанда, ақпараттық ресурстардың болуы | | |
| | Тиісті ғылыми және ( немесе) академиялық дәрежесі/атағы бар оқытушылардың және ( немесе) оқытушы лауазымында кемінде үш жыл өтілі бар немесе бейіні бойынша кемінде бес жыл практикалық жұмыс өтілі бар аға | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | оқытушылардың дәріс оқуына талаптарды сақтау. | | | |
| 16. | Әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ және Сот төрелігі академиясында дәріс сабақтарын өткізуге , білім алушылардың дипломдық жұмыстарына (жобаларына), ғылыми–зерттеу жұмыстарына басшылық жасауға педагогикалық лауазымдардың біліктілік сипаттамаларында айқындалған мамандар және оларға теңестірілген адамдар жіберіледі | | | |
| 17. | Білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізу тәртібіне қойылатын талаптарды сақтау. Білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалаудың балдық–рейтингтік әріптік жүйесіне сәйкес, оларды дәстүрлі бағалау шкаласына және ECTS ( иситиэс) ауыстыра отырып, білім алушылардың оқу жетістіктерін есепке алуды бағалау жүйесінің болуы (ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау) | | | |
| 18. | Мемлекеттік бақылау жүргізу кезінде білім алушылардың білімін бағалау жолымен ЖЖОКББҰ-да оқыту нәтижелерін бағалау жөніндегі талаптарды сақтау | | | |
| | Білім алушылардың дипломдық жұмыстарын (жобаларын), магистрлік диссертацияларын ( жобаларын) және | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 19. | докторлық диссертацияларын қорғауды ұйымдастыру мен жүргізуге қойылатын талаптарды сақтау | | |
| 20. | ЖЖОКББҰ–да олардың қызмет түрлеріне сәйкес ғылыми-зерттеу жұмыстарына қойылатын талаптарды сақтау: ғылыми-зерттеу, тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды, оның ішінде инновациялық бағыттар бойынша жұмыстарды жүргізу; білім алушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру; оқытудың инновациялық технологияларын және ғылыми зерттеулерді жүргізу және нәтижелерін оқу процесі мен өндіріске енгізу; әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ-ны қоспағанда, зерттеу жұмыстарының инновациялық инфрақұрылымын қалыптастыру; ғылыми әзірлемелерді коммерцияландыру тетігін құру және енгізу; зерттеушілер мен әзірлеушілердің зияткерлік меншігі мен авторлық құқығын қорғау . Растайтын құжаттардың болуын қамтамасыз ету | | |
| 21. | Республикалық мемлекеттік мекеменің ұйымдық–құқықтық нысанындағы ЖЖОКББҰ-ды қоспағанда, ЖЖОКББҰ–да гранттық және бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру негізінде іргелі зерттеулер/ қолданбалы зерттеулер | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | жөніндегі ғылыми және ғылыми–техникалық бағдарламаларды/ жобаларды іске асыру | | |
| 22. | ЖЖОКББҰ-ның шетелдік білім беру, ғылым және мәдениет ұйымдарымен, халықаралық ұйымдармен және қорлармен ынтымақтастығын іске асыру, ынтымақтастық туралы екіжақты және көпжақты шарттар жасасу, білім алушылармен, педагогикалық және ғылыми қызметкерлермен алмасудың халықаралық бағдарламаларына қатысу, шетел азаматтары қатарынан кадрлар даярлау, Ғылым және жоғары білім беру саласындағы халықаралық үкіметтік емес ұйымдарға ( қауымдастықтарға) кіру талаптарын жүзеге асыруы.<br>Серіктес жоғары оқу орны мәртебесінің нормаларын көздейтін кадрлар даярлаудың тиісті бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен, ғылыми және (немесе) ғылыми–білім беру және (немесе) ғылыми–өндірістік орталықтармен халықаралық ынтымақтастық жөніндегі талаптарды сақтау және шетелдік консультанттарды тарту | | |
| | Материалдық активтермен ( аудиториялық және зертханалық базамен, оқу кабинеттерімен, | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 23. | өндірістік шеберханалармен, полигондармен, спорт залдарымен), ғимараттармен (оқу корпустарымен) қамтамасыз ету: денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен тиісті санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес, білім беру ұйымының үй-жайларында және ( немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы | | |
| 24. | ЖЖОКББҰ-да ерекше білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін арнайы жағдайлардың жасалуы және сақталуы | | |

Лауазымды тұлға(лар) ___________________________________________________

лауазымы қолы

___________________________________________________________

тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Бақылау субъектісінің басшысы _______________________________________________

лауазымы қолы

___________________________________________________________

Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
м.а.
2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ 50 мен
Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім
министрі
2023 жылғы 26 сәуірдегі
№ 183 бірлескен бұйрығына
7-қосымша

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрінің
2022 жылғы 2 желтоқсандағы

№116 және
Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары
білім министрінің
2022 жылғы 1 желтоқсандағы
№166 бірлескен бұйрығына
3-қосымша

**Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бөлігінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына қатысты біліктілік талаптарына сәйкестігіне қатысты білім беру жүйесінің тексеру парағы**

Бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы тексеруді / профилактикалық бақылауды тағайындаған мемлекеттік орган ________________________________________

Тексеруді тағайындау/бақылау (объектісінің) біліктілік талаптарына сәйкестігі туралы
акт ________________________________________

№, күні
Бақылау субъектісінің (объектісінің) атауы ________________________________________

(Жеке сәйкестендіру нөмірі), бақылау субъектісінің (объектісінің)
бизнес–сәйкестендіру нөмірі ________________________________________

Орналасқан жерінің мекен–жайы ________________________________________

| № р/с | Талаптар тізімі | Талаптарға сәйкес келеді | Талаптарға сәйкес келмейді |
|---|---|---|---|
| 1. | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында (бұдан әрі – ЖЖОКББҰ), әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ–ды қоспағанда, тиісті даярлау бағыттары бойынша білім беру ұйымдарымен немесе ғылыми немесе ғылыми–білім беру немесе ғылыми-өндірістік орталықтармен ынтымақтастық туралы келісімдердің болуы | | |
| | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 2 | Әскери, арнаулы ЖЖОКБҰ-ны қоспағанда , ақылы негізде бір білім алушыға білім беру ұйымдарының ең төменгі шығындарының тиісті оқу жылына арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы құнының кемінде 30 % кем болмауын қамтамасыз ету | | |
| 3 | Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру бағдарламаларының тізіліміне енгізілген жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларының болуы және олардың мазмұнының жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің кадрларын даярлау бағытын және ЖЖОКББҰ ведомстволық тиесілігін ескере отырып, заңнаманың белгіленген талаптарына сәйкестігі | | |
| | Қолданыстағы (қайта ресімделген) лицензияның және кадрларды даярлаудың іске асырылатын бағыттары бойынша лицензияға қосымшалардың болуы; оның ішінде "Педагогикалық ғылымдар" бакалавриат кадрларын даярлау бағыты бойынша - кадрлар даярлаудың кемінде 7 бағыты бойынша лицензияға қосымшалардың болуы немесе ЖЖОКББҰ-ның бітіруші түлектердің бітірген жылы Ғылым және жоғары білім беру | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 4 | саласындағы мемлекеттік орган белгілегеннен төмен емес шекті мәндегі нәтижелермен біліктілік тестінен өтуін қамтамасыз етуі; оның ішінде "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыты бойынша - медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары үшін алдыңғы деңгейлерде ( интернатурасы бар бакалавриат, магистратура, резидентура) кадрларды даярлау бағыты бойынша лицензияның және лицензияға қосымшаның болуы | | | |
| 5 | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағытын ескере отырып, оқытушылардың сандық құрамына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету: барлық пәндердің оқытушылармен қамтамасыз етілуі; оқытушылардың білімінің, ғылыми/академиялық дәреженің және/немесе ғылыми атағының оқытылатын пәндер бейініне сәйкестігі; негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын оқытушылардың үлесінің сақталуы; қоса атқаратын оқытушылардың үлесінің сақталуы; оқытылатын пәндер бейіні бойынша талап етілетін практикалық жұмыс тәжірибесі ( ғылыми–педагогикалық, клиникалық), ғылыми | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | еңбектердің талап етілетін саны бар оқытушылармен қамтамасыз етілуі; оның ішінде "Дденсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша - даярлық бейіні бойынша талап етілетін біліктілік дәрігерлік санаты бар мамандармен қамтамасыз етілуі | | |
| 6 | Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру кадрларын даярлау бағытын ескере отырып, оқытушылардың сапалы құрамына қойылатын талаптардың сақталуын қамтамасыз ету: кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың жалпы санынан негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын кадрларды даярлау бағыты бойынша ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD )/бейіні бойынша доктор ғылыми/академиялық дәрежесі және/немесе ғылыми атағы және/ немесе әскери (арнаулы) атағы бар немесе әділет кеңесшісінен төмен емес сыныптық шенде немесе судья не отставкадағы судья және/немесе Қазақстан Республикасының спорттық атақтары/ құрметті атақтары мен мемлекеттік наградаларына ие болған кадрларды даярлау бағыты бойынша оқытушылардың үлесінің сақталуы.<br>"Педагогикалық ғылымдар" кадрларын даярлау бағыттарының | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | білім беру бағдарламалары бойынша ЖЖОКББҰ негізгі жұмыс орны болып табылатын, мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және орта білім беру ұйымдарының базасында ғылыми зерттеулер жүргізетін оқытушылардың талап етілетін үлесін қамтамасыз ету | | | |
| 7 | ЖЖОКББҰ-ның ведомстволық тиесілігін ескере отырып, кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламаларының, оның ішінде оқыту тілдері бойынша жарияланған пәндерінің 100% қамтамасыз ететін соңғы он жыл ішінде шыққан баспа және электрондық басылымдар форматында оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы;<br>оның ішінде "Денсаулық сақтау" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКББҰ үшін - дәлелді медицина бойынша халықаралық дерекқорларға институционалдық жазылымның болуы;<br>оның ішінде "Өнер" бағыты бойынша білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКББҰ үшін - мәдениет және өнер саласындағы білім беру ұйымдары қызметінің қағидаларына сәйкес басылым мерзімі шектелмеген ноталық әдебиеттің болуы.<br>Әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ үшін – | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | бейіндік компонент пәндерін қоспағанда, білім беру бағдарламасының 100% пәндерін қамтамасыз ететін соңғы 10 жылда баспа және электрондық басылымдар форматында шыққан оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы | | | |
| | Білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ететін қажетті материалдық активтердің, ғимараттардың (оқу корпустарының) болуы: меншікті не шаруашылық жүргізу немесе жедел басқару немесе кемінде 5% мемлекеттік органдардың немесе квазимемлекеттік ұйымдарға қарасты білім беру ұйымдары үшін сенімгерлік басқару құқығында тиесілі болуы, алаңы санитариялық қағидаларға, сондай-ақ өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келетін оқу үй-жайларының бар болуы; медициналық қызметке лицензиясы бар жабдықталған медициналық пункттер, ЖЖОКББҰ оқу корпустарында білім алушылардың тамақтану пункттерінің болуы; ЖЖОКББҰ-ның үй-жайларында және (немесе) іргелес аумақтарында бейнебақылаудың болуы; ЖЖОКББҰ-ның орналасқан жері бойынша халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға жіберілген | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 8 | эпидемиялық маңызы шамалы объектінің қызметінің ( пайдалануының) басталуы және тоқтатылуы туралы хабарламаның болуы; Басқа қаладан келген мұқтаж білім алушылардың жалпы санынан кемінде 70 % тұру үшін ( жатақханалармен/ хостелдермен/ қонақ үйлермен қамтамасыз етілуі;<br>оның ішінде "Денсаулық сақтау" кадрларды даярлау бағыты бойынша - аккредиттелген клиникалық базалармен қамтамасыз етілуі, сондай-ақ интеграцияланған академиялық медициналық орталық құрамында болуы;<br>оның ішінде "Сәулет және құрылыс" кадрларын даярлау бағыты бойынша - шығыс материалдары бар 3D принтерлермен жабдықталған мамандандырылған аудиториялар мен зертханалардың болуы;<br>оның ішінде "Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс " кадрларды даярлау бағыты бойынша - дайындық бейініне сәйкес келетін полигонның және атыс тирінің (виртуалды тир) болуы; "Құқық" кадрларды даярлау бағыты бойынша - криминалистикалық полигонның және сот отырыстары залының болуы | | | |
| | ЖЖОКББҰның оқу ғимараттарында ерекше | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 9 | білім беру қажеттіліктері бар адамдарды оқыту үшін жағдай жасауы ( кіру жолдары, ақпараттық-навигациялық қолдау құралдары, баспалдақтарды пандустармен немесе көтергіш құрылғылармен қайталау, баспалдақтар мен пандустарды тұтқалармен жабдықтау, есіктер мен баспалдақтарды контрастты бояумен бояу, мүгедектер үшін автокөлік құралдарын тұраққа қою үшін орындар бөлу) | | | |
| 10 | Сымсыз технологияларды, компьютерлік кабинеттермен, компьютерлермен, оқу-зертханалық және материалдық-техникалық базамен, кадрларды даярлау бағытының білім беру бағдарламасына сәйкес білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін қажетті жабдықтармен жарақтандыруды қоса алғанда, кең жолақты интернеттің қолжетімділігін қамтамасыз ету.<br>Білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті деректер базалары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінің болуы және ЖЖОКББҰ ведомстволық тиесілігін ескере отырып, Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | жүйесінің мәліметтеріне нақты деректердің сәйкестігі. edu.kz. аймағында үшінші деңгейлі домендік атаудың болуы. Оның ішінде "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша – денсаулық сақтау саласындағы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес құзыреттерді меңгеру үшін жарақтандырылған симуляциялық кабинеттің (орталықтың) болуы; Оның ішінде "Сәулет және құрылыс" кадрларды даярлау бағыты бойынша - ақпараттық модельдеу технологиясын іске асыратын мамандандырылған бағдарламалық кешендердің болуы | | | |
| 11 | Негізгі қызметінен қол үзе отыып кемінде үш жылда бір рет әрбір оқу курсы үшін кемінде 72 сағат көлемінде оқытушылардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету: білім беру ұйымдарының басшылары үшін менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру - кемінде үш жылда бір рет ; "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлау бағыты бойынша - денсаулық сақтау саласында уәкілетті орган бекіткен талаптарға сәйкес; "Сәулет және құрылыс" кадрларын даярлау бағыты бойынша – оқытылатын пәндер бейіні бойынша ғылыми-зерттеу, іздестіру, жобалау және | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | өндірістік ұйымдарда кемінде үш жылда бір рет : "Өнер" кадрларын даярлау бағыты бойынша – оқытылатын пәндер бейіні бойынша білім беру, шығармашылық, ғылыми-зерттеу, мәдениет және өнер саласындағы басқа да ұйымдарда кемінде үш жылда бір рет; әскери, арнаулы ЖЖОКБҰ үшін - оқытылатын пәндердің бейініне сәйкес немесе оқыту әдістемесі бойынша әрбір оқу курсы үшін кемінде 36 академиялық сағат көлемінде кемінде үш жылда бір рет | | |
| | Студенттердің дипломдық жұмыстарына (жобаларына) тиісті бейіндегі оқытушылардың және (немесе) кемінде 10 жыл жұмыс өтілі бар даярлық бейіні бойынша еңбек қызметін жүзеге асыратын мамандардың жетекшілік етуін жүзеге асыруды қамтамасыз ету. Магистрлік диссертацияларға (жобаларға) ғылым кандидаты/ғылым докторы және (немесе) философия докторы(PhD) /кадрлар даярлау бейініне сәйкес келетін бейіні бойынша ғылыми/ академиялық дәрежесі бар, тиісті ғылыми–педагогикалық жұмыс өтілі бар және соңғы бес жылда отандық және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда қажетті ғылыми мақалалары бар оқытушының ғылыми жетекшілік етуін қамтамасыз ету; әскери, | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 12 | арнаулы ЖЖОКББҰ үшін - магистранттарда ғылым кандидаты/ғылым докторы және(немесе) философия докторы (PhD )/бейіні бойынша доктор ғылыми/академиялық дәрежесі бар немесе кемінде 3 жыл ғылыми-педагогикалық өтілі бар подполковниктен төмен емес әскери (арнаулы атағы, сыныптық шені) атағы бар оқытушының немесе судьяның не отставкадағы судьяның немесе негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын, кадрларды даярлау бағыты бойынша кемінде үш жыл ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, дайындау бейіні бойынша халықаралық конференциялардың еңбектерінде, отандық басылымдарда ғылыми жарияланымдардың авторы болып табылатын тиісті ғылым саласының білікті маманының ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы; "Ққызмет көрсету саласы", " Ақпараттық және коммуникациялық технологиялар", " Журналистика және ақпарат" кадрларын даярлау бағыттары үшін - тиісті бейіндегі оқытушылардың және ( немесе) соңғы 10 (он) жылдағы еңбек өтілінің кемінде 5 (бес) жыл практикалық жұмыс өтілі бар маманның ғылыми жетекшілік етуін қамтамасыз ету. Докторлық диссертацияларға " Ғылым кандидаты" | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | немесе "ғылым докторы" немесе "философия докторы (PhD)" немесе " бейіні бойынша доктор" ғылыми/академиялық дәрежесі бар, кадрларды даярлау бағытын ескере отырып, ұсынылған отандық ғылыми басылымдарда және халықаралық рецензияланатын ғылыми журналда қажетті белгіленген ғылыми мақалалардың авторы болып табылатын немесе Сайтскор немесе Хирша индексі бойынша белгіленген көрсеткіші бар оқытушының ғылыми жетекшілік етуін қамтамасыз ету;<br>әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ үшін - негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын ғылыми/академиялық дәрежесі, талап етілетін ғылыми-педагогикалық жұмыс өтілі бар, отандық басылымдарда, дайындық бейіні бойынша халықаралық конференциялардың еңбектерінде ғылыми жарияланымдардың және оқу құралдарының авторлары болып табылатын оқытушының докторанттарда ғылыми жетекшілікті жүзеге асыруы | | |
| | ЖЖОКББҰ-да білім беру бағдарламасына сәйкес кадрларды даярлау бағыты бойынша практика базаларының болуы, кадрларды даярлау бағытына сәйкес практика базалары және тәлімгерлер ретінде айқындалған ұйымдармен практикадан өтуге және дуальды | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 13 | оқыту бойынша шарттардың болуы. Отандық ұйымдармен жасалған шарттарға және (немесе) кадрлар даярлаудың іске асырылатын бағыттары бойынша (жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру үшін) шетелдік ғылыми тағылымдамадан өтуге арналған шарттарға сәйкес магистранттар мен докторанттардың практикадан өтуге арналған орындармен қамтамасыз етілуі. "Педагогикалық ғылымдар" кадрларын даярлау бағыты үшін - мектепке дейінгі тәрбие және оқыту және/немесе бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру және/немесе орта білімнен кейінгі дуальды оқыту ұйымдарымен шарттардың болуы. "Денсаулық сақтау" кадрларын даярлауды бағыттау үшін-резидентура базаларымен, ғылыми-практикалық базалармен (клиникалық базалармен; денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдарының клиникаларымен немесе университеттік ауруханамен) шарттардың және жетекші шетелдік медициналық білім беру ұйымдарымен стратегиялық әріптестік туралы меморандумдардың болуы; медициналық мамандықтар бойынша іске асырылатын медициналық білім беру бағдарламалары | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | бойынша білім алушыларды клиникалық базаларда даярлау кезеңінде білікті медицина қызметкерлері қатарынан тәлімгерлердің болуы. "Құқық" кадрларды даярлау бағыты үшін - құқықтану саласындағы ұйымдармен кадрларды даярлау бағытының бейіні бойынша шарттардың болуы | | |
| 14 | Кадрларды даярлау бағытына сәйкес бакалавриат бойынша ЖЖОКББҰ түлектерін жұмысқа орналастыру бойынша растайтын құжаттардың болуы, бұл ретте бітірген жылы ішінде кадрлар даярлау бағытын ескере отырып, түлектердің жалпы санынан жұмысқа орналастырылғандардың үлесіне қойылатын талаптардың сақталуы, оның ішінде әскери, арнаулы ЖЖОКББҰ-ны қоспағанда, кемінде үш ай үздіксіз еңбек қызметімен қамтамасыз етілуі | | |
| 15 | Білім алушыларды ауыстыру немесе қайта қабылдау жолымен ЖЖОКББҰ-ға қабылдауды қоспағанда, кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша соңғы 2 жылда білім алушыларды үздіксіз қабылдауды жүзеге асыру | | |
| | ЖЖОКББҰ-ның басқа тілден аударылған мәтінді пайдалануды қоса алғанда, өзгеден алынған материалдың бар-жоғын тексеру және сөздер мен сөз тіркестерін | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 16 | мағынасын өзгертпей ( парафразалар) синонимдік ауыстыра отырып, мәтінді пайдалану үшін компьютерлік бағдарламаны пайдалануды қамтамасыз етуді растайтын құжаттың болуы. Ұлттық мемлекеттік ғылыми–техникалық сараптама орталығының базасында өзгенің материалын алуды анықтау жүйесінде тексерілген докторлық диссертациялардың сақталуын қамтамасыз ету. | | | |
| 17 | ЖЖОКББҰ–да ұйымдармен және кәсіпорындармен жасалған шартқа сәйкес қаржыландырылатын ғылыми–зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстардың болуы , техникалық ерекшелік және жұмыстардың күнтізбелік жоспары қоса берілген қолданыстағы шарттың болуы | | | |
| 18 | Магистратурада, резидентурада және докторантурада білім беру бағдарламасына сәйкес және ЖЖОКББҰ ведомстволық тиесілігін ескере отырып, кадрлар даярлаудың іске асырылатын бағыттары бойынша мамандандырылған ғылыми-техникалық, ғылыми–әдістемелік, клиникалық, эксперименттік базаның болуы | | | |
| | Докторантурада жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын және | | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 19 | кадрлар даярлаудың тиісті бағыты бойынша жоғары оқу орны–әріптес мәртебесі бойынша нормаларды көздейтін аккредиттелген шетелдік және (немесе) ғылыми ұйымдармен ынтымақтастық туралы, соның ішінде шетелдік консультанттарды тарту және бірлескен ғылыми жобаларды іске асыруды көздейтін қолданыстағы шарттардың болуы; шарттың/келісімнің, шетелдік білім беру ұйымының бағдарламаларын аккредиттеу туралы куәліктің болуы | | | |
| 20 | Докторантурада келесі салаларда кадрлар даярлау бағыттары бойынша аккредиттелген зертханалардың болуы: "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Иинженерлік, өңдеу және құрылыс салалары", "Ауыл шаруашылығы және биоресурстар", "Денсаулық сақтау"; зертханаларды аккредиттеу туралы куәліктердің көшірмелерінің немесе осындай зертханалармен шарттардың болуы | | | |
| 21 | Онлайн оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКББҰ үшін сымсыз технологияларды қоса алғанда, өткізу қабілеті кемінде 500 Мбит/с болатын кең жолақты интернеттің қолжетімділігі. | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Жүйелердің ақпараттық қауіпсіздігін және деректерді қорғауды қамтамасыз ету. | | |
| 22 | Онлайн–оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін белгіленген талаптарға сәйкес өзінің цифрлық инфрақұрылымының болуы. ЖЖОКББҰ оқытуды басқару жүйесінде цифрлық контенттің, синхронды және асинхронды оқыту функциялары бар цифрлық платформалардың, онлайн-прокторинг жүйесінің болуы | | |
| 23 | Онлайн оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін оқу және ғылыми әдебиеттердің кітапхана қорының болуы: соңғы он жыл ішінде кадрларды даярлау бағытындағы білім беру бағдарламасының 100% пәндерін қамтамасыз ететін электрондық басылымдар форматында. Білім алушылар мен профессорлық-оқытушылық құрамның электрондық ақпараттық ресурстарға дерекқорларға қолжетімділігін қамтамасыз ету | | |
| | Онлайн оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін белгіленген талаптарға сәйкес Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның білім беру | | |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| 24 | бағдарламаларының тізіліміне енгізілген білім беру бағдарламасының сәйкестігі және жжокбұ–ның ресми платформасында жаппай ашық онлайн-курсты қолдана отырып, білім беру бағдарламасы кредиттерінің жалпы көлемінен пәндердің кемінде 10% болуы және (немесе) халықаралық білім беру платформаларына жазылу | | | |
| 25 | Онлайн оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін оқытуды басқару жүйесіне интеграцияланған плагиатқа қарсы жүйенің болуы | | | |
| 26 | Онлайн оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін білім беруді басқару жүйесінің Ғылым және жоғары білім беру саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйесімен интеграцияланған болуы | | | |
| 27 | Онлайн–оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін соңғы 3 жылда кадрлар даярлаудың іске асырылатын бағыты бойынша онлайн–құзыреттілік және онлайн–оқыту әдістемесі саласында кемінде 72 сағат көлемінде біліктілігін арттырудан өткен штаттық оқытушылардың кемінде 80% болуы | | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | Базалық it-білімі бар оқытушылар үшін соңғы 3 жылда онлайн–оқыту әдістемесі бойынша кемінде 36 сағат курстардан өтуі | | |
| 28 | Онлайн-оқыту нысанында білім беру бағдарламаларын іске асыратын ЖЖОКБҰ үшін негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын білім беру бағдарламасының пәндеріне сәйкес оқытушылардың үлесі 100% | | |
| 29 | Негізгі жұмыс орны ЖЖОКББҰ болып табылатын, ғылыми / академиялық дәрежесі немесе ғылыми атағы бар кадрларды даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары бойынша оқытушылардың үлесі немесе оқытушылардың жалпы санынан "Еңбек сіңірген жаттықтырушы" спорттық атағына ие болған оқытушылар – кемінде 70% | | |

Лауазымды тұлға(лар) ____________________________________________________
—

лауазымы қолы

____________________________________________________
—

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

Бақылау субъектісінің басшысы ____________________________________________
—

лауазымы қолы

____________________________________________________
—

Тегі, Аты, Әкесінің аты (бар болса)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК